



ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ АКАДЕМИЯСЫ
KAZAKH ACADEMY OF SPORT AND TOURISM

БЕКІТІЛГЕН

КеАҚ «Қазақ спорт және туризм академиясы»

Ғылыми кеңесінің отырысында

2026 жылғы 29 мамырдағы №10 хаттама

ҒК төрағасы, Президент, профессор


К.К. Закирьянов




8D11502 - Спорт
білім беру бағдарламасы бойынша
докторантураға түсушілерге арналған
қабылдау емтиханның
БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2026

8D11502 – Спорт білім беру бағдарламасы бойынша докторантураға түсушілерге арналған бағдарлама құрастырушылары:

PhD докторы  А.А. Белегова
қолы Аты-жөні


П.ғ.к., қауым. проф.  К.Ə. Курманкулова
қолы Аты-жөні

П.ғ.д, проф.  А.С. Жуманова
қолы Аты-жөні

Қабылдау емтиханының бағдарламасы «Дене мәдениеті және спорттың теориялық негіздері» кафедрасының отырысында қаралды:
2026 жылғы 18 наурыздағы мәжілісінде қаралып, № 9 хаттамамен мақұлданды.


Кафедра меңгерушісі  А.А.Белегова
қолы Аты-жөні

Бағдарлама мәжілісінде қаралды УМБ ФОС, ФПСиЕ
«21» __ 04 __ 2026 г., хаттама № 9

ФОС, ФПСиЕ ОӘК төрайымы  Н.Ə. Кефер
факультет қолы Аты-жөні

Бағдарлама ҚазСТА ОӘК отырысында қарастырылды
« 23 » __ 04 __ 2026 ж., хаттама № 5

Келісілген  ГХБжЖООКББ жөніндегі проректоры Г.У. Кенжебекова
қолы Аты-жөні

ҚазСТА ОӘК төрайымы  п.ғ.к., профессор Д.К. Нурмуханбетова
қолы Аты-жөні

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Осы бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

Докторантураға түсу емтиханы үш бөлімнен тұрады:

- әңгімелесу (сұхбат);
- эссе жазу;
- білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан.

Қабылдау емтиханы талапкерлердің ғылыми-зерттеу қызметіне дайындығын, кәсіби және теориялық білім деңгейін, аналитикалық ойлау қабілетін, ғылыми мәселелерді талдау және оларды шешу жолдарын негіздеу дағдыларын анықтауға бағытталған.

Тест түрлері	Балл
ҚазАСТ емтихан комиссиясы жүргізетін талапкермен әңгімелесу (сұхбат).	30
Эссе	20
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан.	50
Барлығы/өту баллы	100/75

D151 – «Спорт» білім беру бағдарламалары тобы бойынша докторантураға түсуші үміткерлер пәндік саладағы ғылыми білімнің әртүрлі аспектілерін қамтитын эссе жазады. Эссе көлемі кемінде 250 сөзден тұруы тиіс.

Эссе жазудың мақсаты – талапкердің аналитикалық ойлау деңгейін, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау қабілетін, өз көзқарасын дәлелді түрде негіздей алуын, сондай-ақ ойларын жүйелі әрі нақты жеткізе білу дағдыларын бағалау болып табылады.

Эссе тақырыптары

1	Ғылыми зерттеулер жүргізу кезінде спорт теориясы мен спорт менеджментінің сабақтас ғылымдармен пәнаралық байланысы.
2	Спорт теориясы және басқару (менеджмент) саласындағы диссертациялық зерттеудің ғылыми аппараты.
3	Эмпирикалық әдіс — спорттағы және спорттық менеджменттегі ғылыми-зерттеу жұмысының негізі.
4	Спорттық менеджменттегі сандық және сапалық зерттеу әдістерінің үйлесімі.
5	Спорт теориясы және басқару саласындағы ғылыми зерттеу үдерісінің логикасы мен кезеңдері.
6	Спорттық дайындықты басқарудың өзекті мәселелері мен перспективалары.
7	Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясаты: өзекті бағыттар, спорт ғылымының мәселелері.
8	Спортты басқаруда және спортшыларды даярлаудағы цифрлық технологиялар, соның ішінде жасанды интеллект пен спорттық аналитика.
9	Қазіргі спортты коммерцияландыру: үрдістер мен тәуекелдер.
10	Спорт ұйымдарының қызметіндегі тиісті басқару (игі басқару) және этика.

Түсу емтиханы бағдарламасының тақырыптық жоспары

№	Тақырыптың атауы
1.	Ғылыми зерттеулердің жалпы негіздері мен методологиясы
1.1	Спорт теориясы мен спортты басқарудың ғылыми пәндер ретіндегі нысаны мен пәні; олардың спорт ғылымдары жүйесіндегі орны
1.2	Ғылыми зерттеу методологиясы
1.3	Ұғымдық аппарат
1.4	Диссертациялық зерттеудің ғылыми аппараты
1.5	Зерттеу әдістері
1.6	Спортты басқару және спортшыларды даярлаудағы жасанды интеллект, цифрлық технологиялар және спорттық аналитика.
2.	Спорт теориясы және спортшыларды даярлау жүйесі
2.1	Спорт: ұғымы, шығу тегі, функциялары
2.2	Спорттық жарыстар теориясы
2.3	Спортшыны дайындау жүйесі
2.4	Спорттық жаттығудың заңдылықтары мен қағидаттары
2.5	Жаттығуды құру және спорттық форманы басқару
2.6	Көпжылдық дайындық, спорттық бағдарлау және іріктеу
2.7	Спортшыны даярлаудағы болжау, модельдеу, бағдарламалау, бақылау және есепке алу
2.8	Жоғары жетістіктер спорты, кәсіби және коммерциялық спорт; допинг мәселесі
3.	Спортты басқарудың теориялық-методологиялық негіздері
3.1	Спорт менеджменті ғылым әрі кәсіби қызмет түрі ретінде
3.2	Спорт ұйымындағы басқару функциялары
3.3	Ұйымдық құрылымдар және спортты басқару модельдері
3.4	Қазақстан Республикасында спортты мемлекеттік саясат пен стратегиялық басқару
3.5	Персоналды басқару, көшбасшылық және ұйымдағы адамдардың мінез-құлқы
3.6	Стратегиялық басқару, өзгерістер мен сапаны басқару
4.	Спорт экономикасы, маркетингі және қаржылық қамтамасыз ету
4.1	Дене шынықтыру және спорт экономикасы
4.2	Қаржы менеджменті және спортты қаржыландыру көздері
4.3	Спорттық маркетинг
4.4	Спортты коммерцияландыру
4.5	Спорт құрылыстары мен инфрақұрылымын басқару
5.	Құқықтық реттеу, спорт саясаты және іс-шараларды басқару
5.1	Спорттың құқықтық негіздері және дауларды шешу

5.2	Олимпиадалық қозғалыс және оның құрылымы
5.3	Допингке қарсы күрес және спорттың адалдығын қамтамасыз ету
5.4	Спорттық іс-шараларды басқару және олардың мұрасы
5.5	Тәуекелдер мен қауіпсіздікті басқару; әлеуметтік жауапкершілік, этика және орнықты даму

1. ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ НЕГІЗДЕРІ МЕН МЕТОДОЛОГИЯСЫ

Тақырып 1.1 Спорт теориясы мен спортты басқарудың ғылыми пәндер ретіндегі нысаны мен пәні; олардың спорт ғылымдары жүйесіндегі орны

Спорт теориясының (спортшының жарыс қызметі мен дайындық жүйесін құру заңдылықтары) және спортты басқарудың (дене шынықтыру және спорт саласындағы ұйымдарды, адамдарды әрі процестерді басқару заңдылықтары — спортшыларды дайындаудан және жарыс өткізуден бастап спорттық тауарлар мен қызметтерді өндіру және жылжытуға дейін) нысаны мен пәні; екі пәннің де дене шынықтыру және спорт ғылымдары жүйесіндегі орны әрі сабақтас ғылымдармен байланысы; спорт теориясының ғылыми кадрларды даярлаудағы және кәсіби дене шынықтыру білімі жүйесіндегі біріктіруші рөлі; екі пәннің зерттеу салаларын ажырату; қазіргі үрдіс — спорт менеджментінің дербес ғылыми әрі оқу пәні ретінде қалыптасуы.

Тақырып 1.2 Ғылыми зерттеу методологиясы

Спорт пен басқаруды зерттеуде қолданылатын жалпы ғылыми тәсілдер: жүйелік (спортты өзара байланысты элементтердің тұтас жүйесі ретінде қарастыру), құрылымдық-функционалдық, тарихи-логикалық және теориялық-модельдік (зерттелетін процестердің моделін құру). Мәселе аясы — жүйелік тәсілді спортқа күрделі, ашық әрі бейімделгіш жүйе ретінде қолдану; жалпы үрдіс — құбылыстарды жай сипаттаудан оларды түсіндіру мен болжауға көшу.

Тақырып 1.3 Ұғымдық аппарат

Спорт теориясы мен спорт менеджментінің ұғымдары мен терминдерін реттеу; олардың сабақтас ғылымдардың — педагогика, физиология, спорт медицинасы, экономика, құқық, әлеуметтану, философияның — ұғымдарымен байланысы; маңызды міндет — отандық терминологияны (оның ішінде ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында бекітілгенін) Халықаралық олимпиада комитеті (МОК), Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік (ВАДА) және Спорттық төрелік сот (САС) құжаттарында қолданылатын халықаралық терминологиямен үйлестіру.

Тақырып 1.4 Диссертациялық зерттеудің ғылыми аппараты

Зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздеу; зерттеу нысаны мен пәнін айқындау; мақсат пен міндеттерді қою; болжам (гипотеза) ұсыну; ғылыми жаңалықты, теориялық және практикалық маңыздылықты ашу; қорғауға шығарылатын тұжырымдарды тұжырымдау; докторлық зерттеуге (философия докторы, PhD дәрежесіне) қойылатын талаптар мен спорт және басқару бойынша қолданбалы зерттеулердегі нәтижелердің дәйектілігін негіздеуге ерекше назар.

Тақырып 1.5 Зерттеу әдістері

Сандық әдістер — математикалық статистика (орташа шамалар; корреляциялық, регрессиялық және дисперсиялық талдау; айырмашылықтардың дәйектілігін бағалау), экспериментті жоспарлау, өлшеулердің дәлдігі мен сенімділігін тексеру. Сапалық әдістер — жеке жағдайларды зерделеу (нақты мысалдар әдісі), құжаттар мазмұнын талдау, сауалнама және сараптамалық баға. Қазіргі үрдіс — бір зерттеуде сандық және сапалық әдістерді ұштастыру (аралас әдістер).

Тақырып 1.6 Спортты басқару және спортшыларды даярлаудағы жасанды интеллект, цифрлық технологиялар және спорттық аналитика.

Спорттық қызметті талдау, нәтижелерді болжау және жаттықтырушы мен көшбасшының шешімдерін қолдау үшін үлкен көлемдегі деректерді, жасанды интеллект технологияларын, ақпараттық-аналитикалық жүйелерді және компьютерлік деректерді өңдеуді пайдалану (спорттық аналитика). Қазақстан Республикасында — спорт саласындағы бірыңғай цифрлық

есепке алу платформасын құру (спорт ұйымдары, жаттықтырушылар, төрешілер мен жарыстар туралы мәліметтер; нәтижелерді есепке алу; мемлекеттік қызметтерді электрондық түрге көшіру). Мәселелер — деректердің дәйектілігі мен салыстырымдылығы, дербес деректерді қорғау, жасанды интеллектті қолданудың этикалық аспектілері және технологияларға қолжетімділіктің теңсіздігі.

2. СПОРТ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ СПОРТШЫЛАРДЫ ДАЯРЛАУ ЖҮЙЕСІ

Тақырып 2.1 Спорт: ұғымы, шығу тегі, функциялары

Спорт дене шынықтырудың бөлігі әрі дербес қоғамдық құбылыс ретінде. Спорттың таза жарыстық мәні; оның арнайы функциялары (жарыстық-эталондық — жетістіктерді белгілеу және салыстыру; эвристикалық-жетістіктік — жоғары нәтижеге жол іздеу) және жалпымәдени функциялары (тәрбиелік, сауықтыру, көрермендік, экономикалық). Әлемдік спорттың даму бағыттары мен спорттық жетістіктердің өсу заңдылықтары (В. Н. Платонов, Л. П. Матвеев еңбектері бойынша).

Тақырып 2.2 Спорттық жарыстар теориясы

Жарыс — спортты дене шынықтырудың басқа түрлерінен ажырататын басты, оны қалыптастырушы белгі. Жарыстардың жіктелуі (мақсаты, дәрежесі, жеңімпазды анықтау тәсілі бойынша); жарыс күнтізбесін құру; жарыс қызметін зерделеу және оны модельдеу — спортшы дайындығын басқарудың негізі.

Тақырып 2.3 Спортшыны дайындау жүйесі

Спортшыны дайындау — жаттығуды, жарыстарды және қалпына келтіруді біріктіретін тұтас жүйе. Жаттығу, жарыс және қосымша (жаттығудан тыс) факторлардың — тамақтанудың, қалпына келтіру құралдарының, материалдық-техникалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің, табиғи жағдайлардың (орта таулы жер, климат) — ара қатынасы В. Н. Платонов тұжырымдамасында.

Тақырып 2.4 Спорттық жаттығудың заңдылықтары мен қағидаттары

Спортшы дайындығының тараптары — техникалық, тактикалық, физикалық, психологиялық — және олардың біртұтас (интегралдық) дайындыққа бірігуі. Жаттығудың негізгі қағидаттары: жоғары жетістіктерге бағдарлану; жалпы және арнайы дайындықтың бірлігі; жаттығу процесінің үздіксіздігі; жүктемелерді біртіндеп әрі шекті деңгейде арттыру; жүктемелердің толқын тәрізді өзгеруі; циклділік.

Тақырып 2.5 Жаттығуды құру және спорттық форманы басқару

Жаттығу циклдері: шағын (микроцикл), орта (мезоцикл) және үлкен (макроцикл). Спорттық жаттығуды кезеңдеу теориясы — дайындық, жарыс және өтпелі кезеңдерге бөлу; жылды бір-, екі- және үш циклді етіп құру (Л. П. Матвеев, «Спорттық жаттығуды кезеңдеу мәселесі», 1964 — осы тақырыптағы әлемдегі алғашқы еңбек). Спорттық форма — спортшының жетістікке ең дайын болу күйі; оның фазаларының (қалыптасу, сақталу, уақытша жоғалу) ауысуы кезеңдеудің негізінде жатыр. Қазіргі талқы — жарыс санының артуы жағдайында классикалық кезеңдеу (Л. П. Матвеев) мен блоктық кезеңдеудің (В. Б. Иссурин) ара қатынасы.

Тақырып 2.6 Көпжылдық дайындық, спорттық бағдарлау және іріктеу

Көпжылдық дайындықтың сатылары мен кезеңдері — бастапқы дайындықтан жоғары шеберлік сатысына және мансапты аяқтауға дейін. Спорттық бағдарлау (адамға қолайлы спорт түрін

таңдау) және спорттық іріктеу (дарындыларды анықтау); спортшының модельдік сипаттамалары және оның мүмкіндіктерін болжау.

Тақырып 2.7 Спортшыны даярлаудағы болжау, модельдеу, бағдарламалау, бақылау және есепке алу

Спорттық іріктеуді жетілдіруді қамтамасыз етудегі болжаудың рөлі-спортшыларды даярлауды ұтымды ету, спортты дамыту мен кадрларды даярлаудың перспективалық бағыттарын уақтылы анықтау.

Дайындықты модельдер — жетуге тиіс жарыс қызметінің және дайындық деңгейінің үлгілері — негізінде құру (модельдік-мақсаттық тәсіл). Бақылау түрлері: кезеңдік (кезеңдер бойынша), ағымдағы (күнделікті) және жедел (сабақ барысында). Жоспарлау-оқу процесін ұйымдастыру және бақылау бойынша жоспарлар мен іс-шараларды әзірлеу. Бухгалтерлік есеп спорттық дайындықтың жоспарланған және нақты нәтижелерін салыстыру, ауытқулардың себептерін анықтау және жою құралы ретінде. Дайындықты басқарудың шарты ретінде болжау, модельдеу, бағдарламалау, бақылау және есепке алу байланысы.

Тақырып 2.8 Жоғары жетістіктер спорты, кәсіби және коммерциялық спорт; допинг мәселесі

Жоғары жетістіктер спортының дамуы, оның кәсібиленуі мен коммерцияландырылуы; спорттың гуманистік құндылықтарын сақтау қажеттілігі. Допингке философиялық-адамгершілік тұрғыдан қарау (В. И. Столяров, «СпАрт» жобасы; У. Морган): допинг қолдану адал, тең күресті — спорттың негізін — бұзады және адал ойын («фэйр-плей») қағидатына қайшы келеді. Бір жағынан рекордтық нәтиже мен пайдаға ұмтылу, екінші жағынан спортшының денсаулығы мен спорт рухы арасындағы қайшылық.

3. СПОРТТЫ БАСҚАРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тақырып 3.1 Спорт менеджменті ғылым әрі кәсіби қызмет түрі ретінде

Спорт менеджменті нені зерттейді; басқару нысаны (спорт ұйымдары, іс-шаралар, тұтас сала) және оған қатысушылар (басшылар, жаттықтырушылар, спортшылар, жанкүйерлер, демеушілер); дәл дене шынықтыру және спорт саласындағы басқарудың басқа салалардағы басқарумен салыстырғандағы ерекшеліктері.

Тақырып 3.2 Спорт ұйымындағы басқару функциялары

Негізгі басқару функциялары — жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру (еңбекке ынталандыру), үйлестіру және бақылау — және олардың спорт мектептері, клубтар, федерациялар, спорт комитеттерінің жұмысында қолданылуы.

Тақырып 3.3 Ұйымдық құрылымдар және спортты басқару модельдері

Спортты халықаралық, мемлекеттік және жергілікті деңгейде басқару құрылымы. Спорттағы «тиісті басқару» (адал басшылық) ұғымы және оның қағидаттары: ашықтық, есептілік, демократиялылық, жауапкершілік, әділдік, нәтижелілік және тиімділік (И. Хенри мен П. Ли еңбегі бойынша, 2004). Ұйым ішіндегі басшылықты, ұйымдар арасындағы үйлестіруді (бәсекелестік пен ынтымақтастық арқылы) және мемлекеттің спорт саласына бағыттаушы ықпалын ажыратады.

Тақырып 3.4 Қазақстан Республикасында спортты мемлекеттік саясат пен стратегиялық басқару

ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Заңы; Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы; уәкілетті мемлекеттік орган — ҚР Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті. Үкімет (6-бап), уәкілетті орган (7-бап) және жергілікті атқарушы органдар (8-бап) арасында өкілеттіктерді ажырату; спорт федерацияларын аккредиттеу тәртібі (11-бап); жоғары жетістіктер спортын және бейімдік (мүгедектігі бар адамдарға арналған) дене шынықтыруды мемлекеттік қолдау.

Тақырып 3.5 Персоналды басқару, көшбасшылық және ұйымдағы адамдардың мінез-құлқы

Спорт ұйымдарында адами ресурстарды басқару (кадрларды іріктеу, орналастыру, оқыту және бағалау); басшы мен жаттықтырушының көшбасшылық рөлі; жаттықтырушылар мен төрешілерді аттестаттау; ҚР еңбек заңнамасы негізінде спорттық қызмет туралы шарт (келісімшарт).

Тақырып 3.6 Стратегиялық басқару, өзгерістер мен сапаны басқару

Спорт ұйымының стратегиясын (ұзақ мерзімді даму жоспарын) әзірлеу; ұйымдық өзгерістерді басқару (жағдай өзгергенде жұмысты қайта құру); спорттағы қызметтер сапасын басқару жүйелері.

4. СПОРТ ЭКОНОМИКАСЫ, МАРКЕТИНГІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Тақырып 4.1 Дене шынықтыру және спорт экономикасы

Спорт — экономика саласы әрі спорттық қызметтер нарығы. Спорттық қызметтер мен тауарларға сұраныс пен ұсыныс; спорт саласының кіріс көздері; спорттағы жұмыспен қамту мен жұмыс орындары; дене шынықтыру мен спорттың экономикаға және әлеуметтік міндеттерді шешуге қосатын үлесі (халық денсаулығы, жастарды жұмыспен қамту).

Тақырып 4.2 Қаржы менеджменті және спортты қаржыландыру көздері

Бюджеттік (мемлекеттік) және бюджеттен тыс қаражат; қосымша қаражат тарту (фандрайзинг — қайырмалдықтар мен демеушілік жарналарды жинау); мемлекеттік-жекеменшік әріптестік. Қазақстан Республикасында — балалар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік спорттық тапсырысты жан басына шаққанда қаржыландыру (қаражат «бала соңынан» бөлінгенде; 2021 жылғы мамырдан бастап енгізілді).

Тақырып 4.3 Спорттық маркетинг

Спорттық өнімді жылжыту, спорттық брендті (клубтың, турнирдің, спортшының танымал атауын) басқару, демеушілік және әріптестік бағдарламалар. Спорт саласын өнім түрі бойынша үш бөлікке бөлу (Б. Питтс, Л. Филдинг, Л. Миллер бойынша, 1994):

- спорттық қызмет және көрініс — адамға шұғылдануға не тамашалауға ұсынылатын спорттың өзі (дене шынықтыру-сауықтыру қызметтері, әуесқойлық және кәсіби спорт, көрініс ретіндегі жарыстар);
- спорттық өндіріс — спортпен шұғылдану үшін қажет әрі оның сапасына әсер ететін нәрсе (құрал-жабдық, спорт киімі, жабдықтар, ғимараттар, спорт медицинасы);
- спортты жылжыту — спортты жарнамалап, ілгерілетуге қызмет ететін нәрсе (кәдесый және жарнама өнімі, бұқаралық ақпарат құралдары, демеушілік, танымал спортшылардың қатысуымен жасалатын жарнама).

Тақырып 4.4 Спортты коммерцияландыру

Телетрансляция құқықтарын сату, цифрлық платформалар (интернет-хабар тарату), спорттық ойын-сауық индустриясы. Халықаралық олимпиада комитетінің дүниежүзілік демеушілік бағдарламасы — «ТОП» бағдарламасы (ағылш. The Olympic Partner — «олимпиадалық әріптес») — және Ойындарды трансляциялау туралы келісімдер бірыңғай, орталықтандырылған маркетингтің мысалы ретінде; одан түсетін кіріс ұлттық олимпиада комитеттері мен халықаралық спорт федерациялары арасында бөлінеді.

Тақырып 4.5 Спорт құрылыстары мен инфрақұрылымын басқару

Спортты материалдық-техникалық қамтамасыз ету; дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыстарының есебін (тізілімін) жүргізу; мемлекеттік спорт нысандарының халыққа қолжетімділігін әлеуметтік норматив ретінде қамтамасыз ету (ҚР Заңы бойынша); Қазақстанда — спорт нысандарын салу мен жаңарту, оның ішінде арзан модульдік (жылдам құрастырылатын) кешендер.

5. ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ, СПОРТ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ІС-ШАРАЛАРДЫ БАСҚАРУ

Тақырып 5.1 Спорттың құқықтық негіздері және дауларды шешу

Дене шынықтыру мен спортты құқықтық реттеу көздері; спорт құқығы дербес кешенді сала ретінде. Спорттық төрелік сот (САС, Лозанна қ.) — құрылымы (Халықаралық спорттық төрелік кеңесі; қарапайым, апелляциялық және допингке қарсы құрамдар; Ойындар кезінде жұмыс істейтін уақытша құрамдар), қалыптасқан спорттық-құқықтық нормалар жиынтығы («спорт құқығы»), шешімдерді Швейцарияның Федералдық сотына шағымдану мүмкіндігі. Спорттық төреліктің тәуелсіздігін тану үшін «Гундель Халықаралық ат спорты федерациясына қарсы» ісінің (1993) маңызы.

Тақырып 5.2 Олимпиадалық қозғалыс және оның құрылымы

Олимпиадалық хартия бойынша Олимпиадалық қозғалыстың үш басты құрамдас бөлігі — Халықаралық олимпиада комитеті (МОК), халықаралық спорт федерациялары (МСФ) және ұлттық олимпиада комитеттері (НОК); олардың құқықтары мен міндеттері. Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиада комитетінің қызметі (1990 жылы құрылды, 1993 жылғы қыркүйекте МОК таныды; президенті — Г. Г. Головкин). Паралимпидалық қозғалыс және ҚР Ұлттық паралимпида комитеті (2002 жылы құрылды, Халықаралық паралимпида комитеті мен Азия паралимпида комитетіне мүше).

Тақырып 5.3 Допингке қарсы күрес және спорттың адалдығын қамтамасыз ету

Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік (ВАДА, 1999 жылы құрылды); Дүниежүзілік допингке қарсы кодекс және оған қатысты сегіз халықаралық стандарт. Допингке қарсы жұмыстың негізгі бөліктері: спортшыларды тестілеу (жарыс кезеңінде және одан тыс уақытта; тестіленушілер тізіміне енгізу; спортшының тұрған жері туралы мәліметтер), Тыйым салынған тізім, спортшының биологиялық паспорты (организм көрсеткіштерін уақыт бойы бақылау), бұзушылықтарды қарау тәртібі және санкциялар (дисквалификация) қолдану, допингке қарсы білім беру, тыйым салынған заттарды терапиялық (емдік) мақсатта қолдануға рұқсат. Қазақстанның ұлттық жүйесі: «Ұлттық допингке қарсы орталық» (КазНАДЦ; ВАДА қол қоюшыларының халықаралық тізілімінде — Қазақстанның Ұлттық допингке қарсы ұйымы); ВАДА талаптарына сәйкестік мәртебесі — сәйкес келеді; ҚР допингке қарсы ережелері; Алматы қ. допингке қарсы зертхана; Орталық Азияның өңірлік допингке қарсы ұйымы.

Тақырып 5.4 Спорттық іс-шараларды басқару және олардың мұрасы

Спорттық іс-шаралар мен жобаларды ұйымдастыру (спорттық іс-шараларды басқару); ірі жарыстардың мұрасы ұғымы — оқиғадан кейін қалатын және одан ұзақ уақыт қызмет ететін барлық нәрсе. Х. Пройсс бойынша (2007), мұра — бұл оқиға үшін және оқиғаның өзі жасаған, ол аяқталғаннан кейін де сақталатын барлық жоспарланған және жоспарланбаған, оң және теріс, материалдық және материалдық емес нәтижелер. Мұраның өлшемдері: кеңістіктік және уақыттық; материалдық және материалдық емес; жоспарланған және жоспарланбаған; оң және теріс.

Тақырып 5.5 Тәуекелдер мен қауіпсіздікті басқару; әлеуметтік жауапкершілік, этика және орнықты даму

Бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және ықтимал тәуекелдерді басқару (ҚР-да — № 228-V Заңның 39-бабы). Спорт ұйымдарының қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі; спорт этикасы; орнықты даму және «Олимпиадалық күн тәртібі 2020+5» рухындағы адал басқару (атап айтқанда, Олимпиадалық қозғалыстың барлық қатысушылары тиісті басқарудың базалық қағидаттарын сақтауы).

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер:

1. Есіркепов, Ж.М. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі: оқу құралы / Ж.М. Есіркепов.- Алматы: Адал кітап, 2022.- 289 б.
2. Сейсенбеков, Е.К. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі: оқулық / Е.К. Сейсенбеков; пікір жаз. Х.Ф. Анаркулов; А.Ә. Жұмаділханов.- Астана: Гумилев атындағы ЕҰУ, 2019.- 433 б.
3. Абдиллаев, А.К. Дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасы бойынша пәндерді оқыту әдістемесі: оқулық / А.К. Абдиллаев, Б.Ө. Ермаханов, Ш.Н. Қуатбеков.- Алматы: ADAL KИTAP, 2024.- 489 б.
4. Кубиева, С.С. Спорт негіздері мен кәсіптік-қолданбалы дене дайындығы: оқу құралы / С.С. Кубиева.- Ақтөбе: АМПИ, 2021.- 240 б.
5. Усин, Ж.А. Спорт теориясы: оқу құралы / Ж.А. Усин, А.М. Мамытов, С.Н. Асқапов.- Павлодар: ПМПИ, 2018.- 192 б.
6. Белегова, А.А. Бейімдік дене шынықтыру және спорт [Мәтін]: оқу құралы / А.А. Белегова, Н.Э. Кефер, Г.С. Ерданова.- Алматы: ҚазСТА, 2024.- 137 б.
7. Джекенев, П.С. Жоғарғы оқу орындарындағы дене шынықтыру: оқулық / П.С. Джекенев, М.Н. Бекбергенова.- Алматы: Alash Book, 2024.- 186 б.
8. Омаров, Б.С. Дене шынықтыру: оқу құралы / Б.С. Омаров, Е.Е. Сейдахметов, М.Ш. Туякбаева.- Алматы: Адал кітап, 2022.- 203 б.
9. Уанбаев, Е.Қ. Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдіснамасы: оқулық / Е.Қ. Уанбаев; пікір жаз. Е.А. Алимханов; Б.М. Доскараев; А.К. Кульназаров; С.И. Касымбекова.- Алматы: Үш Қиян, 2022.- 368 б.
10. Сихымбаев, Қ.С. Жоғарғы оқу орнындағы дене тәрбиесі: оқулық / Қ.С. Сихымбаев, А.А. Килибаев.- Алматы: Лантар books, 2022.- 340б.
11. Хамзин, Е.С. Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі бойынша практикум: оқу-әдістемелік құрал / Е.С. Хамзин.- Алматы: Alash Book, 2025.- 198 б.
12. Сабиева, А.С. Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі: оқу-әдістемелік құрал / А.С. Сабиева, А.А. Муратбекова.- Алматы: Alash Book, 2024.- 133 б.
13. Ботағариев, Т.А. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі: оқу құралы / Т.А. Ботағариев; рец. Е.А. Алимханов; С.И. Касымбекова; Н.А. Ахметов.- Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы АМУ, 2017.- 240 б.
14. Огиенко Н.А. Менеджмент физической культуры и спорта: учебное пособие – Костанай, Костанайский государственный педагогический институт, 2018. – 361 с.
15. Починкин А.В. Менеджмент в сфере физической культуры и спорта: учебное пособие / А.В. Починкин. – М.: Спорт, 2017. – 384 с.
16. Мескон М. Х. Основы менеджмента классическое издание, [перевод с английского] / Майкл Х. Мескон, Майкл Альберт, Франклин Хедоури. — Москва, Санкт-Петербург : Диалектика, 2020 [т.е. 2019]. — 665 с. ил., табл.; 24. — ISBN 978-5-907144-89-7.
17. Платонов В. Н. Система подготовки спортсменов в олимпийском спорте: общая теория и её практические приложения. — Киев: Олимпийская литература, 2004 (2-е изд. в 2 кн. — 2015).
18. Жидовинова А. В. Теория и методика физической культуры [Текст]: учебное пособие / А.В. Жидовинова, Д. К. Нурмуханбетова, Н.Э. Кефер.- Алматы, 2019.- 145 с.
19. Закирьянов К.К. Экспериментальные методы в педагогике, психологии и физической культуре [Текст]: учебное пособие / Кайрат Кайруллинович Закирьянов, Леонид Иванович Орехов.- Алматы, 2002.- 115с.
20. Иссурин В. Б. Блоковая периодизация спортивной тренировки. — М.: Советский спорт, 2010.

21. Основные направления научных исследований и тематика докторских диссертационных работ в сфере физической культуры и спорта [Текст] / авт.-сост. В.Н. Баранов. - М.: Советский спорт, 2005.- 92с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Закон Республики Казахстан «О физической культуре и спорте» от 3 июля 2014 года № 228-V (с изменениями и дополнениями).
2. Концепция развития физической культуры и спорта Республики Казахстан на 2023–2029 годы.
3. Всемирный антидопинговый кодекс и Международные стандарты. — Монреаль: Всемирное антидопинговое агентство (ВАДА).
4. Олимпийская хартия. — Лозанна: Международный олимпийский комитет.
5. Столяров В. И. Философия спорта и телесности человека: монография. — М., 2011.
6. Pitts B. G., Stotlar D. K. Fundamentals of Sport Marketing. — Morgantown: Fitness Information Technology, 2007.
7. Pitts B. G., Fielding L. W., Miller L. K. Industry Segmentation Theory and the Sport Industry: Developing a Sport Industry Segment Model // Sport Marketing Quarterly. — 1994.
8. Henry I., Lee P. C. Governance and Ethics in Sport // Chadwick S., Beech J. (eds.). The Business of Sport Management. — Harlow: Pearson, 2004.
9. Preuss H. The Conceptualisation and Measurement of Mega Sport Event Legacies // Journal of Sport & Tourism. — 2007. — Vol. 12, № 3–4.
- 10.
11. Bulatova M. Olympic games (1896-1972) [Текст]. Volume 1 / Maria Bulatova, Sergey Bubka, Vladimir Platonov. - Kyiv: Olympic Literature, 2013.- 496 p.
12. Bulatova M. Olympic games (1976–2012) [Текст]. Volume 2 / Maria Bulatova, Sergey Bubka, Vladimir Platonov. - Kyiv: Olympic Literature, 2013.- 512 p.
13. Doskarayev B.M. The history of physical culture in Kazakhstan [Текст] / B.M. Doskarayev. - Almaty, 2009.- 214 page.
14. Максименко А.М. Теория и методика физической культуры [Текст]: учебник для студентов высших учебных заведений физической культуры / Алексей Михайлович Максименко. - 2-е изд., испр. и доп.- М.: Физическая культура, 2009.- 496с.
15. Марков К.К. Научно-методические исследования по физической культуре и спорту в вузе [Текст]: учебное пособие / Константин Константинович Марков, Александр Васильевич Петров, Оксана Олеговна Николаева. - Иркутск: ИРНТУ, 2018.- 139 с.
16. Платонов В. Н. Двигательные качества и физическая подготовка спортсменов: монография. - Киев: Олимпийская литература, 2017.- 656 с.: ил.
17. Матвеев А.П. Методика физического воспитания с основами теории [Текст]: учебное пособие для студентов высших и средних учебных заведений физической культуры / Анатолий Петрович Матвеев, Сергей Борисович Мельников. - М.: Просвещение, 2014.- 191с.: ил.
18. Парыгина О. В. Теория физической культуры и спорта: учебное пособие / О. В. Парыгина. — М.: Московская государственная академия водного транспорта, 2019. — 131 с. —

Текст: электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART: [сайт]. — URL: <https://www.iprbookshop.ru/97326.html>.

19. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры [Текст]: учебник / Лев Павлович Матвеев. - М.: Физкультура и спорт, 2008.- 544с.- (Корифеи спортивной науки).

20. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры (введение в теорию физической культуры; общая теория и методика физического воспитания) [Текст]: учебник для вузов физкультурного профиля. -Изд. 5-е, перер., стереотипное. – М.: Спорт, 2025. – 520 с.

21. Орехов Л.И. Прикладная статистика и эксперимент в педагогике, психологии и физической культуре [Текст]: учебное пособие / Леонид Иванович Орехов, Елена Леонидовна Караваева. - Алматы, 2007.- 228с.

22. Орехов Л.И. Управление, контроль, измерение, статистические и экспериментальные методы в педагогике, психологии и физической культуре [Текст]: учебное пособие / Леонид Иванович Орехов, Елена Леонидовна Караваева, Л.А. Асмолова. - Алматы: КазАСТ, 2004.- 169с.

23. Орлов А. И. Научно-методические основы педагогического контроля двигательных способностей [Текст]: учебное пособие / Александр Иванович Орлов, А. К. Есельбаева. - Алматы: Альманах, 2022.- 204 с.

24. Столяров В.И. Методологические принципы определения понятий в процессе научного исследования физической культуры и спорта [Текст]: учебное пособие / Владислав Иванович Столяров. - М., 2007.- 99с.

25. Столяров В.И. Современные проблемы наук о физической культуре и спорте: Философия спорта [Текст]: учебник для студентов, магистрантов и аспирантов / Владислав Иванович Столяров, Алексей Анатольевич Передельский, М.М. Башаева. - М.: Советский спорт, 2015.- 462с.

26. Столяров В.И. Теория физической культуры (критический анализ современного состояния, технология и результаты модернизации) [Текст]: монография / Владислав Иванович Столяров, Сергей Германович Сейранов; под общ. ред. В.И. Столярова. - Малаховка: ФГБОУ ВО МГАФК, 2021.- 332 с.

27. Матвеев Л. П. Теория и методика физической культуры (введение в теорию физической культуры; общая теория и методика физического воспитания) [Текст]: учебник для вузов физкультурного профиля. -Изд. 5-е, перер., стереотипное. – М.: Спорт, 2025. – 520 с.

28. Теория и методика физического воспитания: в 2 т. [Текст]. Т.2. Методика физического воспитания лиц различного возраста: учебник для институтов физической культуры / под общ. ред. А.Д.Новикова.- М.: Физкультура и спорт, 2014.- 216с.

29. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры (введение в теорию физической культуры; общая теория и методика физического воспитания) [Текст]: учебник для вузов физкультурного профиля. -Изд. 5-е, перер., стереотипное. – М.: Спорт, 2025. – 520 с.

30. Теория и методика физической культуры [Текст]: примерная программа дисциплины / сост. Ю.Ф.Курамшин. - М., 2003.- 42с.

31. Планирование и статистика физической культуры и спорта [Текст]: труды. - М., 2013.- 95с.

ТҮСУ ЕМТИХАНЫША АРНАЛҒАН СҰРАҚТАРДЫҢ ҮЛГІ ТІЗБЕСІ

1. Ғылыми зерттеулердің жалпы негіздері мен методологиясы

1.1 Спорт теориясы мен спортты басқарудың нысаны мен пәні; олардың спорт ғылымдары жүйесіндегі орны

1. Спорт теориясының ғылыми пән ретіндегі нысаны мен пәні.
2. Спортты басқарудың (спорт менеджментінің) ғылыми пән ретіндегі нысаны мен пәні.
3. Спорт теориясының дене шынықтыру және спорт ғылымдары жүйесіндегі орны.
4. Спорт теориясының ғылыми кадрларды даярлаудағы біріктіруші рөлі.
5. Спорт теориясы мен спорт менеджментінің ара қатынасы және ажыратылуы.
6. Спорт менеджменті дербес ғылыми әрі оқу пәні ретінде: қалыптасу үрдістері.
7. Спорт теориясы мен спорт менеджментінің сабақтас ғылымдармен байланысы.
8. Спортты басқару мен спортшыларды дайындау саласындағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары.

1.2 Ғылыми зерттеу методологиясы

9. Ғылыми зерттеу методологиясының ұғымы.
10. Спорт пен басқаруды зерттеудегі жүйелік тәсіл.
11. Спорт ұйымдарын зерделеудегі құрылымдық-функционалдық тәсіл.
12. Дене шынықтыру мен спортты зерттеудегі тарихи-логикалық тәсіл.
13. Теориялық-модельдік тәсіл және зерттелетін процестерді модельдеу.
14. Спорт күрделі, ашық әрі бейімделгіш жүйе ретінде.
15. Құбылыстарды сипаттаудан оларды түсіндіру мен болжауға көшу.
16. Спорт ғылымындағы жалпы ғылыми таным әдістері.

1.3 Ұғымдық аппарат

17. Спорт теориясының ұғымдық аппараты: мазмұны мен маңызы.
18. Спорт менеджментінің ұғымдық аппараты.
19. Спорт теориясы ұғымдарының сабақтас ғылымдар ұғымдарымен байланысы.
20. Спорт ғылымындағы терминологияны реттеу (жүйелеу) міндеті.
21. Спорт саласындағы отандық және халықаралық терминологияны үйлестіру.
22. ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында бекітілген терминология.
23. Халықаралық олимпиада комитеті, ВАДА және Спорттық төрелік сот құжаттарының терминологиясы.
24. Спорт терминдерін аудару және біріздендіру мәселелері.

1.4 Диссертациялық зерттеудің ғылыми аппараты

25. Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздеу.
26. Зерттеу нысаны мен пәнін айқындау.
27. Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін қою.
28. Зерттеу болжамын (гипотезасын) ұсыну және тексеру.
29. Зерттеудің ғылыми жаңалығы: ұғымы мен негізделуі.
30. Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы.
31. Қорғауға шығарылатын тұжырымдар: оларды тұжырымдау талаптары.
32. Спорт саласындағы докторлық зерттеуге (философия докторы, PhD дәрежесіне) қойылатын талаптар.

1.5 Зерттеу әдістері

33. Спорттағы сандық зерттеу әдістері: жалпы сипаттама.
34. Деректерді өңдеудегі орташа шамалар мен шашырау көрсеткіштері.
35. Спорттық зерттеулердегі корреляциялық және регрессиялық талдау.
36. Дисперсиялық талдау және айырмашылықтардың дәйектілігін бағалау.
37. Педагогикалық экспериментті жоспарлау.
38. Өлшеулердің дәлдігін (валидтілігін) және сенімділігін тексеру.
39. Сапалық әдістер: жағдайды зерделеу, құжаттарды талдау, сауалнама, сараптамалық баға.
40. Бір зерттеуде сандық және сапалық әдістерді ұштастыру (аралас әдістер).

1.6 Цифрлық технологиялар және спорттық аналитика

41. Үлкен деректер ұғымы және олардың спортта қолданылуы.
42. Спортты басқарудағы ақпараттық-талдау жүйелері.
43. Спорттық аналитика тренер мен басшының шешімдерін қолдау құралы ретінде.
44. Спортты басқарудағы және спортшыларды даярлаудағы жасанды интеллект.
45. Қазақстан Республикасында спорт саласындағы бірыңғай цифрлық есепке алу платформасы.
46. Спорт ұйымдарын, жаттықтырушыларды, төрешілерді және жарыстарды электрондық түрде есепке алу.
47. Спорт саласындағы мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа көшіру.
48. Деректердің дәйектілігі, дербес мәліметтерді қорғау және цифрлық теңсіздік мәселелері.

2. Спорт теориясы және спортшыларды даярлау жүйесі

2.1 Спорт: ұғымы, шығу тегі, функциялары

49. Спорт ұғымы және оның дене шынықтырудағы орны.
50. Спорт дербес қоғамдық құбылыс ретінде.
51. Спорттың шығу тегі (генезисі).
52. Спорттың жарыстық-эталондық функциясы.
53. Спорттың эвристикалық-жетістіктік функциясы.
54. Спорттың жалпымәдени функциялары (тәрбиелік, сауықтыру, көрермендік, экономикалық).
55. Әлемдік спорттың даму бағыттары.
56. Спорттық жетістіктердің өсу заңдылықтары.
57. В. Н. Платонов пен Л. П. Матвеевтің спорт теориясына қосқан үлесі.

2.2 Спорттық жарыстар теориясы

58. Жарыс спортты қалыптастырушы белгі ретінде.
59. Спорттың дене шынықтырудың басқа түрлерінен айырмашылығы.
60. Спорттық жарыстардың мақсаты мен дәрежесі бойынша жіктелуі.
61. Жеңімпазды анықтау тәсілдері (есеп жүйелері).
62. Спорттық жарыс күнтізбесін құру.
63. Жарыс қызметі зерттеу пәні ретінде.
64. Жарыс қызметін модельдеу.
65. Жарыстардың спортшы дайындығын басқарудағы рөлі.

2.3 Спортшыны дайындау жүйесі

66. Спортшыны дайындау тұтас жүйе ретінде.
67. Дайындау жүйесіндегі жаттығу, жарыс және қалпына келтіру.

68. Жаттығу мен жарыс факторларының ара қатынасы.
69. Дайындықтың жаттығудан тыс (қосымша) факторлары.
70. Тамақтану мен қалпына келтіру құралдарының рөлі.
71. Дайындықты материалдық-техникалық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету.
72. Спортшыны дайындаудағы табиғи жағдайлар (орта таулы жер, климат).
73. В. Н. Платонов бойынша спортшыны дайындау жүйесінің тұжырымдамасы.

2.4 Спорттық жаттығудың заңдылықтары мен қағидаттары

74. Спортшы дайындығының тараптары (түрлері).
75. Спортшының техникалық дайындығы.
76. Спортшының тактикалық дайындығы.
77. Спортшының физикалық дайындығы.
78. Спортшының психологиялық дайындығы.
79. Интегралдық (біріктірілген) дайындық.
80. Жоғары жетістіктерге бағдарлану қағидаты.
81. Жалпы және арнайы дайындықтың бірлігі; процестің үздіксіздігі.
82. Жүктемелердің толқын тәрізділігі, өзгергіштігі және циклділігі.

2.5 Жаттығуды құру және спорттық форманы басқару

83. Жаттығу циклдері: микроцикл, мезоцикл, макроцикл.
84. Спорттық жаттығуды кезеңдеу теориясы.
85. Дайындық, жарыс және өтпелі кезеңдер.
86. Жаттығу жылын бір-, екі- және үш циклді етіп құру.
87. Л. П. Матвеевтің кезеңдеу теориясына қосқан үлесі.
88. Спорттық форма ұғымы.
89. Спорттық форманың фазалары: қалыптасу, сақталу, уақытша жоғалу.
90. В. Б. Иссуриннің блоктық кезеңдеуі.
91. Классикалық және блоктық кезеңдеуді салыстыру.

2.6 Көпжылдық дайындық, спорттық бағдарлау және іріктеу

92. Спортшыны көпжылдық дайындаудың сатылары мен кезеңдері.
93. Бастапқы дайындық кезеңі.
94. Жоғары спорттық шеберлік кезеңі.
95. Спорттық мансапты аяқтау.
96. Спорттық бағдарлау: ұғымы мен мазмұны.
97. Спорттық іріктеу және дарындыларды анықтау.
98. Спортшының модельдік сипаттамалары.
99. Спорттық мүмкіндіктерді болжау.

2.7 Спортшыны даярлаудағы болжау, бағдарламалау, модельдеу, бақылау және есепке алу

100. Спортшыны дайындаудағы модельдік-мақсаттық тәсіл.
101. Жарыс қызметінің модельдері.
102. Дайындық деңгейінің модельдері.
103. Спортшыны даярлауды болжау және бағдарламалау.
104. Спортшыларды даярлаудағы бақылау түрлері (кезеңдік, ағымдағы және жедел).

- 105. Спортшыларды даярлау нәтижелерін есепке алу және жаттығу процесін түзету.
- 106. Спорттық іріктеу мен спортшылардың дайындығын басқарудағы болжаудың рөлі.
- 107. Спортшыларды даярлауды басқару жүйесіндегі болжау, модельдеу, бағдарламалау, бақылау және есепке алу арасындағы байланыс.

2.8 Жоғары жетістіктер спорты, кәсіби және коммерциялық спорт; допинг мәселесі

- 108. Жоғары жетістіктер спорты: ұғымы мен ерекшеліктері.
- 109. Жоғары жетістіктер спортының кәсібиленуі.
- 110. Жоғары жетістіктер спортының коммерцияландырылуы.
- 111. Спорттың гуманистік құндылықтары.
- 112. Допинг адал, тең күрестің бұзылуы ретінде.
- 113. Адал ойын қағидаты («фейр-плей»).
- 114. Допингке философиялық-адамгершілік тұрғыдан қарау (В. И. Столяров, «СпАрт» жобасы).
- 115. У. Морганның спорт мәні туралы көзқарастары.
- 116. Нәтиже/пайдаға ұмтылу мен спортшы денсаулығы арасындағы қайшылық.

3. Спортты басқарудың теориялық-методологиялық негіздері

3.1 Спорт менеджменті ғылым әрі кәсіби қызмет түрі ретінде

- 117. Спорт менеджментінің пәні.
- 118. Спорт менеджменті кәсіби қызмет түрі ретінде.
- 119. Дене шынықтыру және спорт саласындағы басқару нысаны.
- 120. Спортты басқаруға қатысушылар (субъектілер).
- 121. Спорттағы басқарудың басқа салалармен салыстырғандағы ерекшеліктері.
- 122. Спорт ұйымдары басқару нысаны ретінде.
- 123. Спорттық іс-шаралар басқару нысаны ретінде.
- 124. Тұтас спорт саласын басқару.

3.2 Спорт ұйымындағы басқару функциялары

- 125. Басқару функциялары: жалпы сипаттама.
- 126. Спорт ұйымының қызметіндегі жоспарлау.
- 127. Ұйымдастыру басқару функциясы ретінде.
- 128. Персоналды ынталандыру (еңбекке ынталандыру).
- 129. Спортты басқарудағы үйлестіру.
- 130. Спорт ұйымының қызметіндегі бақылау.
- 131. Басқару функцияларын спорт мектебі мен клубта қолдану.
- 132. Басқару функцияларын федерация мен спорт комитетінде қолдану.

3.3 Ұйымдық құрылымдар және спортты басқару модельдері

- 133. Спортты халықаралық деңгейде басқару құрылымы.
- 134. Спортты мемлекеттік деңгейде басқару құрылымы.
- 135. Спортты жергілікті деңгейде басқару құрылымы.
- 136. Спорттағы тиісті басқару (адал басшылық) ұғымы.
- 137. Тиісті басқару қағидаттары: ашықтық пен есептілік.
- 138. Тиісті басқару қағидаттары: демократиялылық пен жауапкершілік.
- 139. Тиісті басқару қағидаттары: әділдік, нәтижелілік, тиімділік.

140. Ұйым ішіндегі басшылық және ұйымдар арасындағы үйлестіру.
141. Мемлекеттің спорт саласына бағыттаушы ықпалы (И. Хенри мен П. Ли бойынша).

3.4 Қазақстан Республикасында спортты мемлекеттік саясат пен стратегиялық басқару

142. ҚР «Дене шынықтыру және спорт туралы» № 228-V Заңы: жалпы сипаттама.
143. Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
144. Қазақстан Республикасында спорт саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган.
145. ҚР Үкіметінің дене шынықтыру және спорт саласындағы өкілеттіктері (6-бап).
146. Уәкілетті органның өкілеттіктері (7-бап).
147. Жергілікті атқарушы органдардың өкілеттіктері (8-бап).
148. Спорт федерацияларын аккредиттеу тәртібі (11-бап).
149. Жоғары жетістіктер спортын мемлекеттік қолдау.
150. Бейімдік дене шынықтыруды мемлекеттік қолдау.

3.5 Персоналды басқару, көшбасшылық және ұйымдағы адамдардың мінез-құлқы

151. Спорт ұйымында адами ресурстарды басқару.
152. Спорттағы кадрларды іріктеу және орналастыру.
153. Спорт кадрларын оқыту және бағалау.
154. Спорт ұйымы басшысының көшбасшылығы.
155. Жаттықтырушының көшбасшылығы.
156. Жаттықтырушыларды аттестаттау.
157. Төрешілерді аттестаттау.
158. ҚР заңнамасы бойынша спорттық қызмет туралы шарт (келісімшарт).

3.6 Стратегиялық басқару, өзгерістер мен сапаны басқару

159. Спорт ұйымын стратегиялық басқару ұғымы.
160. Даму стратегиясын (ұзақ мерзімді жоспарды) әзірлеу.
161. Спорттағы стратегиялық жоспарлаудың кезеңдері.
162. Ұйымдық өзгерістерді басқару.
163. Жағдай өзгергенде ұйым жұмысын қайта құру.
164. Спорттағы қызметтер сапасын басқару жүйелері.
165. Спорттық қызметтердің сапасын бағалау.
166. Ресурстар шектеулі жағдайдағы стратегиялық басқару.

4. Спорт экономикасы, маркетингі және қаржылық қамтамасыз ету

4.1 Дене шынықтыру және спорт экономикасы

167. Спорт экономика саласы ретінде.
168. Спорттық қызметтер нарығы.
169. Спорттық қызметтер мен тауарларға сұраныс.
170. Спорт нарығындағы ұсыныс.
171. Спорт саласының кіріс көздері.
172. Спорттағы жұмыспен қамту мен жұмыс орындары.
173. Дене шынықтыру мен спорттың экономикаға қосатын үлесі.
174. Спорттың әлеуметтік маңызы (халық денсаулығы, жастарды жұмыспен қамту).

4.2 Қаржы менеджменті және спортты қаржыландыру көздері

175. Спортты қаржыландырудың бюджеттік көздері.
176. Спортты қаржыландырудың бюджеттен тыс көздері.
177. Спорттағы фандрайзинг (қосымша қаражат тарту).
178. Демеушілік жарналар мен қайырмалдықтар.
179. Спорттағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік.
180. ҚР-да мемлекеттік спорттық тапсырысты жан басына шаққанда қаржыландыру.
181. Балалар мен жасөспірімдер спортын қаржыландыру.
182. Спорт ұйымындағы қаржылық жоспарлау.

4.3 Спорттық маркетинг

183. Спорттық маркетинг ұғымы.
184. Спорттық өнімді жылжыту.
185. Спорттық брендті басқару.
186. Демеушілік және әріптестік бағдарламалар.
187. Спорттық қызмет және көрініс сегменті (Б. Питтс және басқалар бойынша).
188. Спорттық өндіріс сегменті.
189. Спортты жылжыту сегменті.
190. Танымал спортшылардың қатысуымен жасалатын жарнама.
191. Спорттық маркетингтегі бұқаралық ақпарат құралдары.

4.4 Спортты коммерцияландыру

192. Спортты коммерцияландыру ұғымы.
193. Телетрансляция құқықтарын сату.
194. Спорттағы цифрлық платформалар мен интернет-хабар тарату.
195. Спорттық ойын-сауық индустриясы.
196. МОК-тің дүниежүзілік демеушілік бағдарламасы — «ТОП» бағдарламасы.
197. Олимпиада ойындарын трансляциялау туралы келісімдер.
198. Олимпиадалық спорттағы орталықтандырылған маркетинг.
199. Кірісті ұлттық олимпиада комитеттері мен халықаралық федерациялар арасында бөлу.

4.5 Спорт құрылыстары мен инфрақұрылымын басқару

200. Спортты материалдық-техникалық қамтамасыз ету.
201. Спорт құрылыстары: түрлері мен мақсаты.
202. Дене шынықтыру-сауықтыру және спорт құрылыстарының тізілімін жүргізу.
203. Мемлекеттік спорт нысандарының қолжетімділігі әлеуметтік норматив ретінде.
204. Қазақстан Республикасында спорт нысандарын салу.
205. Спорт құрылыстарын жаңарту (реконструкциялау).
206. Модульдік (жылдам құрастырылатын) спорт кешендері.
207. Спорт құрылыстарын пайдалануды басқару.

5. Құқықтық реттеу, спорт саясаты және іс-шараларды басқару

5.1 Спорттың құқықтық негіздері және дауларды шешу

208. Дене шынықтыру мен спортты құқықтық реттеу көздері.
209. Спорт құқығы кешенді сала ретінде.
210. Спорттық төрелік сот (САС): міндеті мен құрылымы.
211. Халықаралық спорттық төрелік кеңесі.

212. Спорттық төрелік соттың құрамдары (қарапайым, апелляциялық, допингке қарсы).
213. Ойындар кезіндегі соттың уақытша құрамдары.
214. Спорттық төрелік сот шешімдерін Швейцарияның Федералдық сотына шағымдану.
215. «Гундель Халықаралық ат спорты федерациясына қарсы» ісінің (1993) маңызы.

5.2 Олимпиадалық қозғалыс және оның құрылымы

216. Олимпиадалық қозғалыс ұғымы және Олимпиадалық хартия.
217. Халықаралық олимпиада комитеті: мәртебесі мен функциялары.
218. Халықаралық спорт федерациялары: рөлі мен өкілеттіктері.
219. Ұлттық олимпиада комитеттері: міндеттері мен құқықтары.
220. Олимпиадалық қозғалыстың үш құрамдас бөлігінің өзара әрекеттестігі.
221. Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиада комитеті: құрылуы және МОК-тің тануы.
222. Қазақстан Республикасы Ұлттық олимпиада комитетінің қызметі.
223. Паралимпидалық қозғалыс.
224. Қазақстан Республикасы Ұлттық паралимпида комитеті.

5.3 Допингке қарсы күрес және спорттың адалдығын қамтамасыз ету

225. Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік (ВАДА): құрылуы мен міндеттері.
226. Дүниежүзілік допингке қарсы кодекс және халықаралық стандарттар.
227. Спортшыларды жарыс кезеңінде және одан тыс уақытта тестілеу.
228. Тестіленетін спортшылар тізімі және тұрған жері туралы мәліметтер.
229. Тыйым салынған тізім.
230. Спортшының биологиялық паспорты.
231. Бұзушылықтарды қарау тәртібі және санкциялар (дисквалификация).
232. Допингке қарсы білім беру және терапиялық мақсатта қолдануға рұқсат.
233. Қазақстанның ұлттық допингке қарсы жүйесі (КазНАДЦ, зертхана, ВАДА-ға сәйкестік мәртебесі).

5.4 Спорттық іс-шараларды басқару және олардың мұрасы

234. Спорттық іс-шараларды басқару: ұғымы мен мазмұны.
235. Спорттық оқиғаны ұйымдастыру кезеңдері.
236. Спорттық жобаларды басқару.
237. Ірі спорттық жарыстардың мұрасы ұғымы.
238. Х. Пройс бойынша мұраның анықтамасы.
239. Материалдық және материалдық емес мұра.
240. Жоспарланған және жоспарланбаған, оң және теріс мұра.
241. Мұраның кеңістіктік және уақыттық өлшемдері.

5.5 Тәуекелдер мен қауіпсіздікті басқару; әлеуметтік жауапкершілік, этика және орнықты даму

242. Бұқаралық спорттық іс-шаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
243. Спорттағы тәуекелдерді басқару.
244. Іс-шаралар қауіпсіздігін құқықтық реттеу (№ 228-V Заңның 39-бабы).
245. Спорт ұйымдарының қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі.
246. Спорт этикасы.
247. Спорт саласындағы орнықты даму.
248. Спорттағы адал басқару.

249. Халықаралық олимпиада комитетінің «Олимпиадалық күн тәртібі 2020+5».
250. Олимпиадалық қозғалыс қатысушыларына арналған тиісті басқарудың базалық қағидаттары.